

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ХАТТАМА

31.08.2022 ж. №1

Шымкент қ.

Іс-шара түрі: Университеттің академиялық кеңесінің мәжілісі

Төраға - Академиялық мәселелер жөніндегі проректор А.А. Кудышева

Хатшы Білім беру бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімінің басшысы. А.Е. Айтбаева

Қатысқандар: қатысу парағы бойынша

Академиялық кеңес төрағасы, А.А. Кудышева: Қайырлы күн, құрметті академиялық кеңес мүшелері, әріптестер! Бүгінгі академиялық кеңес мәжілісінің күн тәртібінде алты негізгі және әртүрлі мәселелер қаралады. Күн тәртібіндегі негізгі сұрақ үшін регламент 10-20 минут, әртүрлі мәселе бойынша 3-5 минутқа дейін деп белгіленеді. Пікір айтушылар үшін 2-3 минутқа дейін уақыт беріледі. Регламентпен келісетін болсаңыздар, құрметті әріптестер, күн тәртібін бекітуді дауысқа саламын. №1 Академиялық кеңес мәжілісінің

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Университеттің 2022-2023 оқу жылына жоспарлаған академиялық кеңесінің жоспарын бекітуге ұсыну
2. Университеттің 2022-2023 оқу жылына академиялық кеңесінің мүшелерін бекіту.
3. Факультеттердің оқу-әдістемелік жұмыстарының жоспарларын қарау.
4. 2022-2023 оқу жылына арналған оқу жұмыс бағдарламасындағы өзгешеліктерді талқылау
5. 2022-2023 оқу жылында қабылданған білім алушылар үшін «Кәсіптік практика бағдарламасын» бекіту
6. Дипломдық жоба ережесін талқылау және бекітуге ұсыну
5. Әр түрлі мәселелер

1. Университеттің 2022-2023 оқу жылына жоспарлаған академиялық кеңесінің жоспарын бекітуге ұсыну.

1.ТҮЙНДІ:

Төраға: Университеттің академиялық кеңесінің жоспары барлық функционалдық қызметтерге сәйкес дайындалды. Оқу-әдістемелік жұмысының жоспарын талқыға салайық. Бұл жоспар университеттің барлық академиялық бағыттағы жұмыстарға қатысты болғандықтан факультеттер жоспар бойынша берілген тапсырмаларды орындау барысында осы мәселені ескеруі керек. 2022-2023 оқу жылына университеттің академиялық кеңесінің жоспарын бекітуге ұсынуға болады деп есептеймін.

1.ШЕШІМ: 2022-2023 оқу жылына университеттің академиялық кеңесінің жоспары бекітуге ұсынылсын.

2. Университеттің 2022-2023 оқу жылына академиялық кеңесінің мүшелерін бекіту

2.ТҮЙНДІ:

Төраға: 2022-2023 оқу жылында академиялық кеңесінің мүшелерін бекітіп алуымыз керек. Барлық үміткерлер мүшелікке енді, қазір алдарыңызға академиялық кеңес мүшелерінің тізімі тұр. Бұл тізімге әр факультеттің декандары тарапынан берілген кафедра меңгерушілері мен әр факультеттің академиялық жұмысқа жауаптылары енгізілді. Биылғы оқу жылына академиялық кеңес мүшелігіне білім алушы ретінде 7M01502-Физика педагогін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша M1502-11 оқу тобының магистранты- Жұмәлі Әйгерім Борисқызы

қосылды. Дауысқа салайық. Егер ұсыныстарыңыз болса қолдаймыз. Академиялық кеңес құрамын хатшы оқиды.

Университеттің 2022-2023 оқу жылына «Академиялық кеңес» мүшелері

№	Аты-жөні	Қызметі
1	Кудышева Айнаш Амангельдыевна	Кеңес төрайымы - Академиялық мәселелер жөніндегі проректор
2	Бердалиев Даулетбай Турдалиевич	Кеңес төрайымының орынбасары - Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма басшысы
3	Айтбаева Айгуль Ергеновна	Кеңес хатшысы - Білім беру бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімінің басшысы
4	Жылысбаева Аққоңыр Нүрділләқызы	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты директоры
5	Мамаев Қайрат Серикбаевич	Тіркеу офісінің басшысы
6	Шамбулова Халида Камбаровна	Кітапхана басшысының орынбасары
7	Турлыбекова Алтынай Асанхановна	Стратегиялық жоспарлау, менеджмент және мониторинг бөлімінің басшысы
8	Абдуразова Перизат Адилбековна	Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық бөлімінің басшысы
9	Оразбаева Эльмира Бейсенбаевна	Филология факультетінің деканы
10	Таутаева Гульдарига Батыршаевна	Тарих және педагогика факультетінің деканы
11	Байбатшаева Айдайкыз Еркинбековна	Өнер және білім факультетінің деканы
12	Ибашова Альмира Байдабековна	Физика-математика факультетінің деканы
13	Саулембаев Алтынбай Тагабайевич	Жаратылыстану факультетінің деканы
14	Турыскулов Умиралы Жусипович	Дене шынықтыру және спорт факультетінің деканы
15	Сулейменова Лаура Аскарбековна	Информатика кафедрасының меңгерушісі
16	Дилдабекова Анар Кулбаевна	Шетел тілі кафедрасының меңгерушісі
17	Арзымбетова Шолпан Жақсылыққызы	Педагогика кафедрасының меңгерушісі
18	Әліпбек Ардақ	Психология кафедрасының меңгерушісі
19	Масалиева Жанар Амалбайқызы	Мектепке дейінгі тәрбие және арнайы педагогика кафедрасының меңгерушісі
20	Сыздыкова Гаухар Майсуровна	Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер кафедрасының меңгерушісі
21	Тайтелиева Майра Абдикаимовна	Филология факультеті академиялық кеңесінің төрайымы
22	Куанышбаева Зауре Бекеновна	Тарих және педагогика факультеті академиялық кеңесінің төрайымы
23	Арыстанова Шолпан Сәбитовна	Өнер және білім факультеті академиялық кеңесінің төрайымы
24	Егембергенова Маржан Ыбырайханқызы	Физика-математика факультеті академиялық кеңесінің төрайымы
25	Битемирова Алия Еркегуловна	Жаратылыстану факультеті академиялық кеңесінің төрайымы
26	Айдарбеков Копжасар Джасузакович	Дене шынықтыру және спорт факультетінің академиялық кеңесінің төрағасы

27	Жұмәлі Әйгерім Борисқызы	7М01502-Физика педагогін даярлау ББ-М1502-11 оқу тобының магистранты
----	--------------------------	--

2.ШЕШІМ: 2022-2023 оқу жылына университеттің академиялық кеңесінің мүшелері бекітілсін.

3. Факультеттердің академиялық жұмыстарының жоспарларын талқылау (баспадан шығарылатын оқу, оқу-әдістемелік құралдар жайлы).

3.ТҮНДАЛДЫ:

Төраға: Жаратылыстану, Филология, Тарих және педагогика, Физика-математика, Дене шынықтыру және спорт, Өнер және білім факультеттерінің академиялық жұмыстарының жоспарлары университеттің академиялық кеңесіне қарауға ұсынылды. Аталған факультеттердің академиялық жұмыстарының жоспарлары университеттің академиялық жұмысының жоспары негізінде дайындалды. Факультеттердің жоспарларында академиялық жұмыстарын орындаудың негізгі мәселелері қарастырылған. 2022-2023 оқу жылына факультеттердің академиялық жұмыстарының жоспарларындағы баспадан шығарылатын оқу құралдары мен оқу әдістемелік құралдары қайта талқылансын. Егер де білім беру бағдарламаларының әдебиеттермен қамтамасыз етілуі жеткілікті болған жағдайда қосымша баспадан шығаруға оқу құралдарын дайындаудың қажеті жоқ. Әр оқу жылында оқытушыларға оқу құралын шығаруға міндеттемейміз. Қажеттілікке қарай жұмыс жасайық.

2022-2023 оқу жылындағы бітіруші курс студенттерінің пән айырмасы мен пән қарыздарының бақылау түрлері жазбаша, ауызша түрде өткізілуге болады.

Әр факультеттен кафедрада оқытылатын пәндер тізімі ұсынылып отыр. Осы пәндердің ішінен таңдау компоненттерін және жоғары оқу орны ұсынған пәндерді университеттің Ғылыми Кеңесіне бекітуге ұсынамыз. Пәндер тізімі тіркелген.

2022-2023 оқу жылында кафедраларда жүргізілетін пәндер саны

р/с.	Кафедра атауы	Кафедра оқытатын пәндер саны				Күзгі семестр	Көктемгі семестр
		МК	ЖОО	ТК	БАРЛЫҒЫ		
1	Математика		14	10	24	20	10
2	Физика	-	21	3	24	15	9
3	Информатика	1	18	30	49	35	14
4	Химия		32	28	60	38	22
5	Биология	-	25	31	56	35	21
6	География		18	32	50	36	14
7	Бастауышта оқыту әдістемесі	2	19	3	24	12	12
8	Мектепке дейінгі тәрбие және арнайы педагогика	3	49	14	65	36	31
9	Педагогика	-	13	12	25	16	9
10	Психология		14	12	26	17	9
11	Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер	5	-	2	7	6	6
12	Әлем тарихы және дінтану	-	15	19	34	23	16
13	Қазақ тілі және әдебиеті	1	19	26	46	32	14
14	Орыс тілі және әдебиеті	1	17	25	43	28	15

15	Ағылшын тілі	1	16	24	41	29	19
16	Шетел тілдері	1	-	1	2	1	2
17	Музыкалық білім		11	31	42	27	15
18	Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері	-	18	56	74	44	30
19	Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі	1	2	25	28	21	7
20	Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру	1	14	12	27	18	9
	Жалпы	16	335	396	747	489	284

3.ШЕШІМ:

1. 2022-2023 оқу жылына факультеттердің академиялық жұмыстарының жоспарларындағы баспадан шығарылатын оқу құралдары мен оқу әдістемелік құралдары қайта талқыланысын.

2. 2022-2023 оқу жылындағы бітіруші курс студенттерінің пән айырмасы мен пән қарыздарының бақылау түрлері жазбаша, ауызша түрде өткізілсін.

3. Кафедрада өтілетін таңдау компоненттерін және жоғары оқу орны ұсынған пәндерді университеттің Ғылыми Кеңесіне бекітуге ұсынылсын.

4. 2022-2023 оқу жылына арналған оқу жұмыс бағдарламасындағы өзгешеліктерді талқылау (Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін)

ТЫҢДАЛДЫ:

Д.Т. Бердалиев: Пәннің оқу жұмыс бағдарламасында (Силлабуста) ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар мүмкіндігі ескеріліп, арнайы «Тапсырмалар және оларды тапсыру мерзімі мен тиісті балы» берілуі керек.

ШЕШІМ:

Пәннің оқу жұмыс бағдарламасында (Силлабуста) ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар мүмкіндігі ескеріліп, арнайы «Тапсырмалар және оларды тапсыру мерзімі мен тиісті балы» берілсін.

5. 2022-2023 оқу жылында қабылданған білім алушылар үшін «Кәсіптік практика бағдарламасын» бекіту

ТЫҢДАЛДЫ:

А.Е. Айтбаева: Әр білім беру бағдарламасы бойынша 2022-2023 оқу жылында қабылданған білім алушылардың кәсіптік практика бағдарламалары ұсынылып отыр. Кәсіптік практика бағдарламасын білім беру бағдарламасын дайындайтын кафедра жасайды, практика базалары ретінде айқындалған кәсіпорындарымен (мекемелерімен, ұйымдарымен) келісіледі. Кәсіптік практика бағдарламасы өзінің мазмұнында ББ бейінін/ББ, практика түрінің ерекшеліктерін, кәсіби стандарттар мен білім беру бағдарламасының талаптарын, ұйым қызметінің сипатын, практика объектісін көрсетеді. Кәсіптік практиканың бағдарламасы негізінде кәсіптік практиканың жұмыс жоспар-кестесі жасалады және оны факультет деканы бекітеді.

5.ШЕШІМ:

1. 2022-2023 оқу жылында қабылданған білім алушылардың кәсіптік практика бағдарламалары бекітілсін.

6. Дипломдық жұмыс, жоба ережесін талқылау және бекітуге ұсыну

ТЫҢДАЛДЫ:

Төраға: 2022-2023 оқу жылында бітіруші түлектер кешенді емтихан тапсырмайды. Дипломдық жұмыс немесе дипломдық жоба орындайды.

А.Е. Айтбаева: дипломдық жұмысты (жобаны) жазуға және орындау талаптары мен ерекшеліктерін атап өтсек: Дипломдық жоба – білім беру бағдарламасының бейініне және басқа жобаларға сәйкес қолданбалы есептерді өз бетінше шешу студенттің бітіру жұмысы болып табылады.

Дипломдық жоба – жобалау элементтерін қолдана отырып және (немесе) бизнес-жобаларды, модельдерді, сондай-ақ шығармашылық сипаттағы жобаларды дайындау түрінде орындалған білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін қолданбалы міндеттерді дербес шешуді білдіретін студенттің бітіру жұмысы

Дипломдық жоба оқулықтың кез келген бөлімінің әдістемелік әзірлемелері (нұсқаулықтары), жұмыс дәптері, тапсырмалар, тест, дидактикалық материалдар жинағы ретінде және көрнекі құралдар, компьютерлік бағдарламалар, бейне сабақтар, презентациялар даярлау түрінде ұсынылуы мүмкін.

Дипломдық жобаларды орындау және қорғау барысында бітірушілер көрсетуі керек:

- білім деңгейін (жалпы эрудиция, жалпы кәсіптік білім, арнайы және кәсіптік білім);
- кәсіби құзіреттілік (білім беру бағдарламасындағы қолданбалы есептерді өз бетінше шешуде алған білімдерін қолдана білу);
- топта және жобалық топ ішінде де жұмыс істеу, Сондай-ақ, бақа жерлерде де ортақ тіл таба білу;
- өз ойын дәйекті және нақты жеткізе білу, өз идеялары мен ұсыныстарын баяндау және қорғау.

Студенттердің үздік дипломдық жобаларын патенттер, авторлық куәліктер алу үшін ұсынылуы мүмкін

критерийлері:

- оның өзектілігі, мәселені анықтау, оны шешудің жаңалығы;
- практикалық сипаты, яғни әдістемелік әзірлеме дайындау мүмкіндігі;
- мәселені шешудің қолданылатын әдістері мен құралдардың жаңашылдығы;
- ғылым мен техника саласындағы озық жетістіктерді пайдалану.

Бітіру жұмыстарының тақырыбының атауы дипломдық жобаның міндеті мен мазмұнын қысқаша көрсетуі керек, яғни міндеттер мен зертелетін жұмыстың ақпараттық мазмұнының негізі болуы керек.

Студенттердің дипломдық жобаларының тақырыптары (педагогикалық бағыттағы) жалпы білім беретін мектептердің (мектепке дейінгі ұйымдардың) жоғары сыныптарының оқу материалын қамтитын оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеуге, жобалауға және жетілдіруге бағытталуы тиіс.

Дипломдық жобаның көлемі 25 беттен кем емес болуы керек. Қосымшалар дипломдық жобаның көрсетілген көлеміне кірмейді.

Дипломдық жобаның құрылымдық элементтері: кіріспе, практикалық бөлім, қорытынды; пайдаланылған әдебиеттер тізімі, қосымшалар.

- мұқаба;
- титул парағы;
- дипломдық жұмыстың тапсырма парағы;
- мазмұны;

Кіріспеде беріледі:

- жобаның өзектілігін негіздеу.
- жобаның мақсаты;
- жоба міндеттері;
- жобаның күтілетін нәтижелері;

Негізгі бөлімде қарастырылады:

- жобаның теориялық және әдістемелік негізі;
- жобаның мәні, әдістері мен жобадағы атқарылатын іс-шаралардың нәтижелері беріледі;
- қорытынды;

- ұсыныстар;
- әдебиеттер тізімі.

Дипломдық жобаны орындау дипломдық жоба тақырыбы бойынша әдістемелік әзірleme немесе ұсыныстар беруге болады.

Дипломдық жұмыстардың (жобаның) рецензенттерінің пікірі, жетекшінің пікірі; бөтен мәтіннің бар-жоғына мәтіндік құжатты тексеру нәтижелері туралы анықтама (антиплагиат жүйесінен алынған); Нормативтік бақылау парағы түптелмейді.

6. ШЕШІМ: Дипломдық жұмыс, жоба ережесін бекітуге ұсынылсын.

7. Әр түрлі мәселелер.

7.1. 2022-2023 оқу жылының күзгі жартыжылдығына арналған профессор-оқытушылардың ОСӨЖ өткізу кестесін бекіту

ТЫНДАЛДЫ: Д.Т. Бердалиев: Университетіміздің 20 кафедрасы оқытудың барлық түрі бойынша 2022-2023 оқу жылының күзгі жарты жылдығына арналған оқытушы профессорлардың ОСӨЖ өткізу кестесін бекітуге ұсынып отыр. ОСӨЖ өткізу кестесі кафедраның оқытушы-профессорлар құрамы жеке жүктемесі бойынша жүргізілетін пәндеріне және пәндердің кредит санына байланысты түзілді.

ШЕШІМ: 2022-2023 оқу жылының күзгі жартыжылдығына арналған профессор-оқытушылардың ОСӨЖ өткізу кестесі бекітілсін.

7.2 ТЫНДАЛДЫ:

Айтбаева А.Е.: Университетінің 85 жылдығына арналған академиялық іс-шаралар өткізу жоспары ұсынылып отыр:

Р/с №	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Өткізетін орны	Орындалу мерзімі	Жауапты орындаушы
1	ОҚМПУ-дың 85 жылдық аясында Педагогикалық кадрларды даярлаудың қазіргі жағдайы мен даму болашағы	Форум	Шымкент қаласы, ОҚМПУ, «Шаңырақ» ғимараты, А.Байтұрсынов көшесі, 13	2022 жығы 19 қазан	Педагогика тарих факультеті Арзымбетова Шолпан Жақсылыққызы Педагогика кафедрасының меңгерушісі
2	Шебер педагог – білімді, әрі саналы ұрпақ кепілі	Семинар	ОҚМПУ, «Шаңырақ ғимараты, А.Байтұрсынов көшесі,13	2022ж. 1 қараша	Жаратылыстану факультеті: Успабаева А. Битемирова А. Темирова Ж.
3	Ағылшын тілін оқытудағы озық және заманауи технологияларды интеграциялау (Integrating Advanced and Modern Technologies on Teaching English)	Семинар	Шымкент қаласы, ОҚМПУ, «Шаңырақ» ғимараты А.Байтұрсынов көшесі13	2022 жыл 3 қараша	Филология факультеті: Сманова Ғ.Л. Рахимғалиева Ж.Б.
4	Жаратылыстану-ғылыми пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау кезінде білім беру нәтижелерін интеграциялау (математика, физика және информатика) Интеграция образовательных результатов при подготовке учителей по естественнонаучным предметам (математика, физика и информатика)	Семинар (Республикалы қ оқу-әдістемелік)	Шымкент қаласы, ОҚМПУ Шаңырақ ғимараты А.Байтұрсынов көшесі 13	2022 жыл 10-11 қараша	Физика-математика факультетінің деканы - Ибашова А.Б.
5	«Өнер және білім» факультетінің «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының «ӨНЕРГЕ ЖОЛ» шығармашылық көрмесі, «жәрмеңке» және Музыкалық білім кафедрасының есеп беру концерті	Мерекелік іс-шара	Шымкент қаласы ОҚМПУ	2022 ж 15 Қараша	«Өнер және білім» факультет деканы, кафедра меңгерушілері
6	ОҚМПУ-дың 85 жылдық аясында «Мен елімнің патриотымын» әскери патриоттық	Әскери спорттық	Шымкент қаласы ОҚМПУ спорт залы	2022ж 18 қараша	Бастапқы әскери дайындық және дене

	іс-шара	эстафеталық ойындар (студенттер арасында)	Байтұрсынов көшесі, №13		шынықтыру кафедрасының меңгерушісі -Шегенбаев Н.Б.
7	ОҚМПУ-дың 85 жылдық аясында «Біздің түлектер – біздің мақтанышымыз» дөңгелек үстел	Дөңгелек үстел	Шымкент қаласы, ОҚМПУ, «Шаңырақ» ғимараты, А.Байтұрсынов көшесі,13а	2022ж 25 қараша	Дене шынықтыру және спорт факультеті: Турыскулов Умиралы Жусипович Испандиярова Айгуль Мадияровна
8	ОҚМПУ-дың 85 жылдығына орай мектеп мұғалімдері мен жоғары курс студенттерінің сабақтастығы семинар. Тақырыбы: МИФ сабақтары: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары	Семинар	Шымкент қаласы, ОҚМПУ Шаңырақ ғимараты А.Байтұрсынов көшесі 13	2022 жыл 29 қараша	Физика-математика факультеті Егембергенова М.Ы. Сәтім Д.

ШЕШІМ:

Мәлімет есепке алынсын. Университетінің 85 жылдығына арналған академиялық іс-шаралар өткізу жоспары бекітуге ұсынылсын.

7.3 Университет оқытушы-профессорлардың баспаға ұсынылатын оқу-әдістемелік құралдары

ТЫНДАЛДЫ:

Төрайым: Оқытушы-профессорлардың оқу құралдарын баспаға ұсыну туралы ұсыныс келіп түсті. Баспадан шығарылатын оқу және оқу-әдістемелік құралдары кафедрада оқытылатын пәндерге сәйкес болу керек.

СӨЗ АЛДЫ: Айтбаева А.Е.: С.С.Тілеуова мен Г.Б. Таутаеваның дайындаған «Педагогикалық процестегі инновациялық технологиялар» атты оқу құралы және С.С.Тілеуова мен Л.О.Нұрсейітованың дайындаған «Ақпараттық қоғам: мұғалімнің кәсіби бейнесі» атты оқу құралдарының құжаттары талапқа сай дайындалған. Факультет кеңесінен, кафедраның мәжілісінен көшірмелер дайындалған.

ШЕШІМ:

1. С.С.Тілеуова мен Г.Б. Таутаеваның дайындаған «Педагогикалық процестегі инновациялық технологиялар» атты оқу құралы және С.С.Тілеуова мен Л.О.Нұрсейітованың дайындаған «Ақпараттық қоғам: мұғалімнің кәсіби бейнесі» атты оқу құралдары баспаға ұсынылсын.

Төраға

А.А. Кудышева

Хатшы

Айтбаева А.Е.